

CULTURAL SCIENCES

OVERVIEW OF INTERNATIONAL LEGAL RELATIONS THROUGH «TURANDOT»

Tulekova G.,

PhD in Philology, Associate Professor

H-index: 2

Web of Science: ORK 4815-2025

Scopus: 58484411200

ORCID: 0000-0003-1731-9600

Turan University, Kazakhstan

Bildan M.,

Turan University, Kazakhstan

Kamal Sh.,

Turan University, Kazakhstan

Abdizhanenova K.

Turan University, Kazakhstan

«ТҰРАНДОТ» АРҚЫЛЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАРҒА ШОЛУ

Тулекова Г.Х.

Ф.э.к., Қауымдастырылған профессор

Білдан Мейірім

Тұран университеті, Қазақстан

Камал Ш.

Тұран университеті, Қазақстан

Әбдіжәненова Қ.

Тұран университеті, Қазақстан

<https://doi.org/10.5281/zenodo.19893236>

Abstract

This article examines Turandot as a model of international and intercultural relations. The analysis is conducted from historical, theoretical, and cultural perspectives. Special attention is given to the contrast between Western and Eastern approaches to cultural representation. The study demonstrates that the opera reflects orientalist perceptions and symbolic inequality. Issues of cultural adaptation and stage interpretation are explored. Contemporary Chinese productions are analyzed as forms of cultural dialogue. The paper argues that artistic texts can function as instruments of cultural diplomacy. It concludes by emphasizing the importance of cultural representation in understanding international relations.

Түйіндеме

Бұл мақалада Тұрандот операсы халықаралық және мәдениетаралық қатынастардың үлгісі ретінде қарастырылады. Талдау тарихи, теориялық және мәдениеттанулық тұрғыдан жүргізіледі. Батыс пен Шығыс мәдениеттерін бейнелеудегі айырмашылықтарға ерекше назар аударылады. Шығармада шығыстандырушылық көзқарастар мен символикалық теңсіздік көрініс табатыны дәлелденеді. Мәдени бейімделу және сахналық интерпретациялау мәселелері қарастырылады. Қытайлық заманауи қойылымдар мәдени диалогтың үлгісі ретінде талданады. Көркем мәтіннің мәдени дипломатия құралы ретіндегі рөлі негізделеді. Халықаралық қатынастарды түсінуде мәдени репрезентацияның маңыздылығы қорытындыланады.

Keywords: Turandot, orientalism, cultural adaptation, representation, international relations.

Кілт сөздер: Тұрандот, ориентализм, мәдени бейімделу, репрезентация, халықаралық қатынастар.

«Тұрандот» операсы - музыкалық театрдың көрнекті туындысы ғана емес, сонымен қатар Батыс пен Шығыс арасындағы асимметриялық мәдени қарым-қатынастардың аясын айқындайтын таңбалар жүйесін құрайды. Қазіргі гуманитарлық ғылымда бұл шығарма классикалық махаббат хикаясы шеңберінен шығып, мәдени саясат, ұлттық бірегейлік және символдық үстемдік мәселелерімен тығыз байланысты зерттеу нысанына айналды.

Осыған байланысты тақырыптың өзектілігі «Тұрандоттың» халықаралық және мәдениетаралық қатынастарды түсіндірудің көркемдік үлгісі ретінде қарастырылуымен айқындалады. Осы мақаланың зерттеу нысаны Джакомо Пуччинидің «Тұрандот» операсы және оның әртүрлі тарихи-мәдени интерпретациялары. Зерттеу пәні шығармада көрініс табатын Қытай мен Тұран образдары, билік пен гендерлік қатынастар, мәдени бейімделу және олардың халықаралық-құқықтық

әрі мәдениетаралық қатынастар жүйесіндегі көрінісі.

Зерттеу пәнаралық сипатқа ие және әдебиеттану, мәдениеттану, өнертану, идеялар тарихы, сондай-ақ мәдениетаралық коммуникация теориясының тоғысында жүзеге асырылады. Мақала «Тұрандот» операсы Батыс пен Шығыс арасындағы халықаралық қатынастарды қалай бейнелейді және көркем мәтін мәдени және тарихи интерпретация үшін күрес алаңына қалай айналады деген зерттеу сұрағына бағытталып тұр. Бұл сұрақтың маңыздылығы жаһандану жағдайында мәдени өнімдердің тек эстетикалық құндылық қана емес, сонымен бірге мәдени дипломатияның, символдық биліктің және ұлттық өзін-өзі таныстырудың құралына айналуымен түсіндіріледі.

Зерттеудің теориялық-методологиялық негізін салыстырмалы талдау, рецептивті эстетика элементтері, мәдениеттанулық және өнертанулық тәсілдер, сондай-ақ ориентализм және мәдениетаралық коммуникация теориялары құрайды. Бұл әдістер «Тұрандотты» тұрақты мәтін ретінде емес, тарихи, саяси және мәдени контекстке байланысты өзгеріп отыратын динамикалық мәдени құрылым ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысының маңызды теориялық тіректерінің бірі Р.А. Алшановтың «Тұранбике туралы аңыздар» атты ғылыми-көпшілік очеркі. Аталған еңбек 2024 жылы Алматы қаласында «Тұран» университеті баспасынан жарық көрген және 112 беттен тұрады. Автор бұл еңбегінде Тұрандот сюжетінің шығу тегін шығыстық, әсіресе түркі-парсылық мәдени кеңістікпен байланыстыра отырып, Тұран ұғымының тарихи-мәдени мәнін ашады. Алшановтың концепциясы бойынша, Тұрандот бейнесі тек қытайлық контекспен шектелмей, кеңірек шығыстық өркениеттік кеңістіктің символы ретінде қарастырылуы тиіс. Жұмыстың практикалық маңызы - алынған нәтижелерді мәдениетаралық бейімделу, халықаралық қатынастар және мәдени дипломатия мәселелерін зерттеу мүмкіндігімен анықталады.

«Тұрандот» бейнесімен байланысты мәселе ұзақ уақыт бойы зерттеліп келеді. Шығарманың әдеби және сюжеттік бастамалары шығыстық баяндау дәстүрлеріне, ең алдымен парсы және түркі мәдени ортасында кеңге таралды. Пети де ла Круа өзінің француздық нұсқасын жаза отырып, шығыстық сюжеттерге сүйенді және Низами ықпалымен Тұран қызының атын «Тұранбике» (Тұрандот) деп атады [7]. Сонымен қатар, Р.А. Алшановтың очеркінде Низамидің «Жеті ару» поэмасында Тұран белгілі бір кеңістік ретінде көрініс табатыны, ал Тұрандот бейнесінің өзі Қытаймен емес, Тұран қызы деген түсінікпен байланысты екені айтылған [4]. Құбылыс табиғаты тұрғысынан «Тұрандот» - шығыстық ертегілік материал мен батыстық көркем өңдеудің қиылысында туындаған мәдени конструкт. Шығарманың қытайлық сахналық бейімделуіне арналған мақалада тікелей айтылған: операның сюжеті тарихи емес, ертегілік сипатқа ие, ал Гоцциның пьесасы XII ғасырдағы парсы деректеріне негізделгендіктен, қытай болмысын шынайы

бейнелеуге претензия қоймайды. Демек, шығарманың генезисі біз халықаралық-құқықтық және мәдениетаралық қатынастар үшін маңызды мәселеге тап боламыз: елдің бейнесі ретінде нақты тарихи шындық емес, оның көркемдік жолмен құрастырылған үлгісі қызмет етуі мүмкін [3].

Бұл дискурстағы негізгі термин ол - ориентализм. Ориентализм «Шығысты ориентализациялау» процесі ретінде түсініледі, мұнда Батыс шығысты өз позициясынан құрастырып, оны батыстық сипаттау логикасына бағынған «өзгеге» айналдырады. Осы тұрғыдан алғанда, «Тұрандот» Қытайдың және жалпы Шығыстың батыстық қорқыныштар мен қиялдар арқылы қалай бейнеленетінінің мысалында айналады. «Тұрандот» төңірегіндегі ғылыми дискурс бірнеше негізгі бағыттар бойынша қалыптасады [2]. Біріншісі ориенталистік стереотиптерді сынаумен байланысты: Тұрандот «айдаһар әйел» бейнесінде, ал Лю - оған қарама-қайшы момын әрі құрбан болатын шығыс әйелінің стереотипі ретінде қарастырылады. Екінші бағыт ұлттық стереотиптерге қатысты: Қытай қатыгез және жабайы кеңістік ретінде көрсетілсе, Калаф тәртіп пен жеңіс әкелетін Батыстың символы іспеттес. Үшінші бағыт қазіргі заманғы зерттеулермен байланысты, мұнда назар аударма, сахналық бейімделу және туындыны Қытайдың өзінде мәдени оңалту мәселелеріне аударылады [1]. Жоғарыда айтылған, бір сюжет әртүрлі идеологиялық режимдерде қызмет ете алады. Еуропалық дәстүрде ол Шығыстың экзотикалық бейнесін бекітсе: XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы қытайлық қойылымдарда ол мәдени бірегейлікті қайта пайымдау алаңында айналады. Осылайша, «Тұрандот» бір мезгілде әдеби, саяси және өркениеттік табиғаты бар құбылыс ретінде зерттеледі [6].

Методологиялық тұрғыдан Тұрандотты зерттеу түпнұсқа туындыны, оның еуропалық интерпретацияларын және қытайлық сахналық бейімделулерін салыстыруға негізделген. Пэн Чэньнің зерттеуінде талдау үшін салыстырмалы тәсіл, рецептивті эстетика элементтері, мәдениеттанулық және өнертанулық талдау, сондай-ақ әртүрлі театр дәстүрлерінің белгілер жүйесін семиотикалық зерттеу қолданылатыны атап өтіледі. Бұл Тұрандотты тұрақты мәтін ретінде емес, саяси, ұлттық және эстетикалық аясына байланысты өзгертін жылжымалы мәдени нысан ретінде қарауға мүмкіндік береді [8]. Шетелдік зерттеушілер негізінен ориенталистік сынға назар аударады. Хонг Юдің мақаласында еуропалықтардың Азияны қабылдауы Тұрандот жағдайында «Шығысты ориентализациялау» үлгісі екені дәлелденеді. Тұрандот пен Лю азиялық әйелдің қарама-қайшы батыстық стереотипі ретінде түсіндірілсе, Калаф бағындырушы батыстық ер адамның үстемдік фигурасы ретінде көрінеді. Мұндай тәсіл көркем мәтіннің тек мәдени ғана емес, символикалық-саяси теңсіздікті де қалай жаңғыртатынын көрсетеді. Мәселен, Бенанг Хуан мақаласында аударма және сахналық интерпретация мәселесіне ауысады. Зерттеуші Тұрандоттың жаңа қойылымдарында мәдени, нәсілдік және ген-

дерлік айырмашылықтарды «Батыс - Шығыс» деген қарапайым оппозицияда қарастыруға болмайтынын көрсетеді. Бұл стратегия халықаралық қатынастарды тек саяси субъектілер жүйесі емес, мәдени келіссөздер жүйесі ретінде түсіну үшін өте маңызды [3].

Талдаудың негізгі нәтижелері бірнеше тұжырымнан тұрады. Біріншіден, «Тұрандот» Қытайдың бейтарап бейнесі емес. Екіншіден, оның сахналық тағдыры өнердің мәдени дипломатия мен ұлттық өзін-өзі интерпретациялау процестеріне қалай енетінін көрсетеді. Үшіншіден, туындының қытайлық нұсқалары батыстық мәтінді жай ғана түзету емес, еуропалық материал ұлттық дәстүр контекстінде қайта пайымдалған жаңа көркемдік құбылысты тудырады. Бүгінгі таңда өзектілік стратегиялары ең алдымен мәдениаралық бейімделумен байланысты, Пэн Чэнь зерттеуінде теориялық үлгілерді ассимиляция, интеграция, сепарация және маргинализацияны бөліп көрсететінін, бұл ретте интеграция ең нәтижелі үлгі екенін атап өтеді [1]. Өйткені ол жаңа ортаға енген кезде мәдени бірегейлікті сақтауға мүмкіндік береді. Тұрандот үшін бұл идея өте маңызды: шығарма толығымен теріске шығарылмайды, ол қытайлық белгілерді, сюжеттік екпіндерді және ұлттық театр формаларын енгізу арқылы қайта пайымдалады. Қазақстан үшін бұл тақырыптың қолданбалы маңызы зор. Біріншіден, Тұранның мәдени-тарихи кеңістік ретіндегі бейнесі Орталық Азия дискурсымен және тарихи бірегейлік мәселелерімен тікелей байланысты (бұл әсіресе Р.А. Алшановтың очеркінде байқалады) [4]. Екіншіден, Тұрандотты зерттеу сыртқы мәдени мәтіндердің Еуразия халықтарының образдарын қалай өңдейтінін талдау үшін маңызды. Үшіншіден, Қазақстанның мәдени дипломатиясын дамыту жағдайында мұндай зерттеулер репрезентация, символикалық әділдік және меншікті тарихи-мәдени нарративтерді қорғау мәселелерін түсіну үшін қолданыла алады [7].

Ғалымдардың сыни пікірлері және балама интерпретациялар Тұрандотқа қатысты сыни көзқарастар ең алдымен шығарманың Шығыс туралы батыстық қиял ретінде қарастырылуымен байланысты. Бір топ зерттеушілер мұнда Шығыстың қорқыныш, қатыгездік пен экзотиканың театрландырылған кеңістігі ретінде көрінетінін айтады. Тұрандот бейнесі - тарихи тұлға да, қытай ханшайымының мәдени шынайы бейнесі де емес, ол еуропалықтардың қорқуы мен әйел билігі туралы патриархалдық түсініктерінің қосындысы [2].

«Тұрандот» операсына қатысты ғылыми пікірталас бір ізді жүрмейді - зерттеушілердің бір тобы туындыны ориенталистік дискурстың айқын үлгісі ретінде сынаса, екінші тобы оны мәдени екіұштылықтың күрделі аймағы ретінде бағалайды. Осы екі

бағыттың арасындағы кернеу мақаланың теориялық өзегін құрайды. Сыни-деконструктивті бағыттың өкілдері «Тұрандотты» ең алдымен Шығыс туралы батыстық қиялдың театрландырылған нұсқасы ретінде қарастырады. Бұл оқылым бойынша опера Шығысты қорқыныш, қатыгездік және экзотиканың шартты кеңістігіне айналдырады. Тұрандот бейнесі мұндай интерпретацияда тарихи тұлғаның да, Қытай мәдениетінің шынайы бейнесінің де орнын алмастырмайды: ол еуропалық санадағы «бөтеннен» қорқудың және патриархалдық үрейдің - яғни, билікке ие болған әйелден сезінетін аландаудың - символдық тоғысуын бейнелейді. Хонг Ю осы бағытта туындыны ориенталистік теория аясында талдап, Пуччинидің Қытайды Батыстың «өзгесі» ретінде конструкциялаудағы рөлін зерттеді [2].

Алайда қазіргі зерттеушілердің едәуір бөлігі осы бір өлшемді оқылымнан алшақтайды. Бенанг Хуан «Тұрандотты» тек ориенталистік қате ретінде бағалаудың жеткіліксіздігін дәлелдей отырып, түрлі сахналық қойылымдардың стереотиптерді ашып қана қоймай, шығарманың мәдени, нәсілдік және гендерлік полифониясын - яғни, көпдауыстылығын - қалпына келтіруге ұмтылатынын көрсетеді. Бұл тұрғыдан алғанда, зерттеушінің назарын «Қытайды дұрыс бейнелеу» мәселесі ғана емес, театрдың мәдени қатығыс жағдайында мағыналарды қалай тудыратыны деген іргелі сұрақ та тартады. Осылайша, «Тұрандот» зерттеулерінде екі методологиялық үрдісті бөліп көрсетуге болады. Біріншісі - деконструктивті үрдіс: ориентализм механизмдерін, колониалдық образдарды және символдық зорлық-зомбылықты әшкерелеуге бағытталған талдау [3]. Екіншісі - реконструктивті үрдіс: батыстық сюжеттің жаңа ұлттық контексте жаңа мағынаға ие болуын, яғни мәдени диалог тудыру мүмкіндігін зерттеу. Пэн Чэньнің қытайлық театрлық бейімделулерге арналған зерттеуі дәл осы екінші үрдісті нақтылайды: Чжан Имоу сияқты режиссерлер Пуччини сюжетін жай ғана «түзетпейді» немесе «тазартпайды» - олар қытай сахнасының өз атынан сөйлеу құқығын қайтарып алатын толыққанды мәдени диалог орнатады.

Жоғарыда аталған зерттеушілерден өзгеше позицияны Р. Алшанов ұстанады. Ол Тұрандот бейнесін таза қытайлық контекстпен шектемей, оны кеңірек - Тұран кеңістігімен және образдың тереңдегі шығыстық тамырларымен - байланыстыратын өз концепциясын ұсынады. Бұл тәсіл туындының географиялық-символдық шекараларын кеңейтіп, «Тұрандотты» жалпы шығыстық мәдени жадымен байланыстыратын жаңа оқылым мүмкіндігін ашады.



Аңызға айналған Тұрандот бейнесі шынайы өмірде көрініс тауып, Ұлы Дала жерінде “Тұрандот” мүсіні тұрғызылды. Қоладан жасалған Нұрлан Әбішевтың бұл туындысы Тұран университетінің қаражаты есебінен, Алматы қаласында 2024 жылы 21 қазанда орнатылған. Бұл мүсіннің биіктігі - 180 см, диаметрі - 100 см, тұғырдың биіктігі - 50 см. Тұрандот бейнесі қазақ жеріндегі әйелдің еркіндігі мен даналықтың символы.[12]

Осы зерттеулердің жиынтығы маңызды методологиялық қорытынды жасауға мүмкіндік береді: «Тұрандот» операсының талдау нәтижелері зерттеуші таңдаған теориялық оптикаға - яғни, қандай сұрақтар қоятынына және қандай ұғымдық аппарат қолданатынына тікелей байланысты. Дәл осы себепті мақалада пәнаралық тәсіл ұстанылады: ориентализм сынын постколониалдық теориямен, мәдени аударма концепциясын рецептивті эстетика элементтерімен үйлестіре отырып, «Тұрандот» мәтінінің Батыс пен Шығыс арасындағы халықаралық мәдени қатынастарды бейнелеудегі рөлі жан-жақты зерттеледі [4] .

Жүргізілген талдау «Тұрандот» операсын халықаралық қатынастардың өзіндік көркемдік моделі ретінде қарастыруға негіз береді. Бұл жерде тікелей заңдық нормалар емес, халықаралық-құқықтық процестердің символдық эквиваленттері жұмыс істейді: билік пен шекаралар, мәдени репрезентация, өзін-өзі сипаттау құқығы және легитимділік үшін күрес. Осы тұрғыдан операның сюжеттік қозғаушы күштерін кемінде төрт аналитикалық деңгейде қарастыруға болады [7] .

Бірінші деңгей - символдық егемендік мәселесі . Туындының еуропалық нұсқасында Қытай іс жүзінде өз даусынан айырылып, сырттан сипатталған кеңістікке айналады. Бұл халықаралық қатынастардағы күшті актордың әлсіз актордың бейнесін оның тікелей қатысуынсыз қалыптастыратын жағдайының нақты аналогы болып табылады. Сөйтіп, көркем мәтін біржақты репрезентация механизмінің образдық баламасына айналады.

Екінші деңгей - мәдени юрисдикция мәселесі. Сюжет Шығыспен тығыз байланысты болғанымен, оның мағынасын ұзақ уақыт бойы батыс сахнасы анықтап келді. Тек XX ғасырдың соңында пайда болған қытайлық қойылымдар шығарманы өзге мәдени контекстке қайтара бастады және осылайша

ұлттық бейнені өз бетінше интерпретациялау құқығын мәлімдеді. Халықаралық-құқықтық ұғымдар тілімен айтсақ, бұл процесті символдық реституция - яғни, жаһандық мәдени кеңістіктегі теңдік үшін күрестің бір көрінісі ретінде бағалауға болады.

Үшінші деңгей - зорлық-зомбылықтың легитимділігі туралы мәселе. Опера сюжеті ханшайымның шексіз билігі айқын көрінетін өлім сынағы төңірегінде құрылған. Алайда батыстық интерпретация дәстүрінде бұл зорлық-зомбылық «шығыстық жабайылық» ретінде таңбаланады, ал еуропалық зорлық-зомбылықтың тарихи формалары сахна сыртында, яғни талдау аясынан тыс қалады. Демек, бұл жай қатыгездік туралы сюжет емес - бұл халықаралық саясатпен тікелей параллельдері бар асимметриялық моральдық пайымдау тетігі: белгілі бір зорлық-зомбылық түрлері өркениетті деп жарияланса, басқалары жабайылық деп аталады. Осындай екі өлшемді моральдық баға берудің өзі де билік қатынасының айқын көрінісі болып табылады.

Төртінші деңгей - нарративтер күресі. Тұрандот операсы халықаралық қатынастардың тек дипломатия мен ресми келісімшарттардан ғана тұрмайтынын, сонымен бірге баяндаулар - яғни, дүниені суреттейтін мәтіндер мен бейнелер үшін де болатынын аңғартады. Қытайлық режиссерлер қойылымдарға ұлттық символдарды енгізгенде, жазалау сахналарын өзгерткенде және сюжетті жергілікті эстетикалық нормаларға бейімдегенде, олар жай ғана спектакль жасамайды. Олар дүниенің балама бейнесін ұсынады. Осылайша, көркем мәтін жұмсақ күш пен мәдени дипломатияның нақты инструментіне айналады.

Жалпылай айтқанда, «Тұрандот» операсы мәдени туындының халықаралық қатынастар контекстінде атқара алатын рөлінің айқын үлгісін береді. Бұл туынды бір мезгілде бірнеше функцияны жүзеге асырады: ол Шығысты батыстық қиял аясында конструкциялайды, мәдени егемендік пен репрезентация құқығы үшін күрестің алаңына айналады және жаһандық мәдени кеңістіктегі теңсіздіктің символдық бейнесін бейнелейді. Мұны келесі тізбе және кесте түрінде көрсетуге болады:

Тізбе 1: Тұрандот халықаралық қатынастар моделі ретінде

Тарихи шығыс сюжеті → еуропалық өңдеу → қытайлық бейімделу → мәдениетаралық диалог → ориенталистік опера → стереотиптерді сынау → Шығыс бейнесін символикалық оңалту.

Кесте 1

Талдаудың негізгі деңгейлері

№	Деңгей атауы	Мазмұны
1	Сюжеттік деңгей	билік, сынақ, жаза.
2	Мәдени деңгей	Батыс Шығысты конструкциялайды.
3	Саяси деңгей	Интерпретация құқығы үшін күрес.
4	Халықаралық-құқықтық деңгей	Мәдениеттердің символикалық теңдігі және репрезентация мәселесі.

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеудің нәтижелері «Тұрандот» операсын махаббат пен сынақтардың классикалық сюжетінен гөрі, мәдени дауыстар арасындағы теңсіздіктер туралы терең әрі күрделі көркемдік мәлімдеме ретінде қарастырудың негізділігін көрсетті. Анализдеу барысында анықталған дәлелдер туындының бірнеше деңгейде: эстетикалық, саяси, мәдени және халықаралық-құқықтық мағыналарда мән беретінін айғақтайды.

Зерттеудің теориялық базасын құрайтын мәдени репрезентация теориясы тұрғысынан, «Тұрандот» сюжетінің логикасы кімнің басқа халықтар жайлы әңгімелеу мүмкіндігі бар екенін, бірақ нақты билік жүргізушілердің кім екендігін көрсететін принципке сүйенеді. Осы логика бойынша халықтың өз бейнесіне құқық талап етуі тек мәдени талаптан тыс, кеңірек мәдени субъектілік құқықтарының бөлшегі болып табылады. Сондықтан қазіргі қытайлық және еуразиялық интерпретациялар шығарманың ерекше маңызын арттырып отыр, өйткені олар бұрын тек сырттан берілген мәдениеттерге өз дауыстарын қайтарудың символдық актісіне айналуға. Зерттеу барысында Тұрандотты өркениетаралық байланыс моделінің күрделілігін танып-білу қажеттілігі көрсетілді. Бұл модельде халықаралық-құқықтық аспектілер заңдық нормалардан гөрі репрезентация, мәдени легитимділік және символдық теңдік мәселелері арқылы байқалады.

Батыстық нұсқасы Шығыстың біржақты бейнесін қалыптастырғанымен, XX ғасырдың соңынан бастап белсенді түрде пайда болған қытайлық адаптациялар мәдени қайта қарау мен тең құқықты диалогтың шынайы мүмкіндігін ашып көрсетуде. Осы контексте «Тұрандот» операсында мәдени гегемония, ориенталистік дискурс, ұлттық бірегейлік және тарихимәдени образдарды интерпретациялау құқығы үшін күрес мәселелері тоғысады. Соңында атап өту керек: заманауи ғылымның халықаралық қатынастарды түсінуі мәдени мәтіндер мен олардың интерпретация механизмдерін ескермей мүмкін емес. Тұрандот - бұл тек Шығыс тақырыбында жазылған опера емес; ол өнердің халықтар мен мемлекеттердің образдарын қалыптастырудағы рөліне және символдық кеңістіктің нағыз саяси арена бола алатындығына дәлел болады. Сондықтан мұндай туындылардың пәнаралық талдауы филология мен өнертанудан бөлек, халықаралық мәдени әділдік, мәдени дипломатия және өркениетаралық диалог мүмкіндіктерін тереңірек түсіну үшін маңызды ғылыми міндет болып қала береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Peng C. Қытай опера сахнасындағы «Тұрандот»: батыс опера канонын бейімдеу мәселелері // PHILHARMONICA. International Music Journal. 2025. № 4.
- 2 Yu H. «Тұрандоттағы» екіұштылық: ориенталистік көзқарас // English Language and Literature Studies. 2018. Т. 8. № 1.
- 3 Xuan B. Полифония және саясат: Пуччинидің «Тұрандотында» мәдениет, нәсіл және гендерді бейнелеу мен аудару // The Journal of Specialised Translation. 2025. № 43.
- 4 Алшанов Р.А. Тұрандот туралы аңыздар: ғылыми-көпшілік очерк. Алматы: «Тұран» университеті, 2024.
- 5 Melvin S., Cai J. «Тұрандот» сюжетіндегі еуропалық нұсқаларды және оның мәдени трансформациясын зерттеу.
- 6 Bassett P. Тұрандоттың көптеген қырлары. 2012.
- 7 Асыл М.Б., Дауен Д.Б. ХХІ ғасырдағы ҚХР мәдени дипломатиясы: тұжырымдамалар, сынқатерлер және халықаралық имидж // Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. Әлеуметтану және саясаттану сериясы. 2025. № 91(3).
- 8 Hu W. Мәдениетаралық коммуникация контекстіндегі мәдени бейімделуді зерттеу // International Journal of Education and Humanities. 2023. Т. 11. № 3.
- 9 Ma L. Сандық егіздер негізіндегі қытай операсының мәдени платформасын жобалау және халықаралық мәдени коммуникация стратегияларын зерттеу // Mobile Information Systems. 2022.
- 10 Han X. Қытай операсының мәдениетаралық коммуникациясы: қазіргі зерттеулерге шолу, мәселелер мен болашақ бағыттар // International Journal of Education and Humanities. 2024. Т. 15. № 3.
- 11 François Pétis de la Croix. Қалаф ханзада мен Қытай ханшайымы туралы тарих / «Тұрандот» туралы шығыстық сюжеттің еуропалық өңделуі құрамында.
- 12 «Тұрандот» атты монументалды мүсіннің Тұран университетінде ашылу салтанаты // Тұран университетінің ресми сайты. - 2024.

[1] https://nbpublish.com/library_read_article.php?id=77874

[2] https://www.researchgate.net/publication/323455574_The_Ambiguity_in_Turandot_An_Orientalist_Perspective

- [3] <https://www.jostrans.org/article/view/6945/6190>
- [4] <https://drive.google.com/file/d/1GkvwTD1h2ysYURmluO8uUmi-gW4gk9jZ/view>
- [5] https://www.google.com/url?sa=t&rct=j&q=&esrc=s&source=web&cd=&ved=2ahUKEwj4h_PD79iTAX-WyQvEDHeb9KI4QFnoECBUQAQ&url=https%3A%2F%2Fivran.ru%2Fsites%2F28%2Ffiles%2Fsborniktezisovivvi.pdf&usg=AOvVaw03FD6uXZq74ds326sjxQi3&opi=89978449
- [6] <https://www.google.com/url?sa=t&rct=j&q=&esrc=s&source=web&cd=&ved=2ahUKEwiruTX79iTAXXFQfEDHZAdGfsQFnoECBgQAQ&url=https%3A%2F%2Fccsenet.org%2Fjournal%2Findex.php%2Fells%2Farticle%2Fdownload%2F73814%2F40718&usg=AOvVaw2TPkpbNCZpQh4LaXEN09Qe&opi=89978449>
- [7] <https://bulletin-socpolit.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/663>
- [8] https://www.google.com/url?sa=i&source=web&rct=j&url=https://pdfs.semanticscholar.org/3544/ef2e97a01bf2e9d6e46ded5f53d2007433d.pdf%23%3A~:text%3DCultural%2520adaptation%2520means%2520whether%2520an%2520individual%2520can,communication%2520efficiency%2520and%2520life%2520quality%2520of%2520individuals.&ved=2ahUKEwiWvPyG8NiTAXUSBdsEHQDzONwQqYcPegQIBxAC&opi=89978449&cd&psig=AOvVaw0nF91_0ihkhJNImT8v11&ust=1775
- [9] https://www.researchgate.net/publication/362669653_Design_of_Chinese_Opera_Cultural_Platform_Based_on_Digital_Twins_and_Research_on_International_Cultural_Communication_Strategies
- [10] <https://drpress.org/ojs/index.php/ijeh/article/view/24912>
- [11] <https://gallica.bnf.fr/ark:/12148/bpt6k1416852r.texteImage>
- [12] <https://turan.edu.kz/ru/news/50629/opening-ceremony-of-the-majestic-sculpture-turandot-at-turan-university/>